

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 30 шілде N 1083. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері бекітетін Жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегін өтеудің ережесі шеңберінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жинақталған кредиторлық берешекті өтеу бөлігінде, жергілікті бюджеттердің толық атқарылуы үшін жағдайларды қамтамасыз етудің қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз етудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 P990528_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 17, 175-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттерден, Астана және

Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулар, мерзімділігін қамтамасыз етудің тәртібінде:

2-тармақ "кіріс бөлігінен" деген сөздерден кейін "олармен келісілген" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "күннің қорытындылары бойынша" деген сөздерден кейін "107101 "Берешектің түсуі" коды бойынша кірістерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК